

## Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 23 қазан №N 1077

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысында (Қазақстан Республикасы П У А Ж - ы , N 1 7 , 1 5 2 - қ ұ ж а т ) :

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен несиелендіру бағдарламаларына қатысу".

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 297 қаулысымен.*

3. Аталған қаулының 2-қосымшасында:

атауындағы "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамының несиелік қаражатының есебінен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1) 1997/98 жылдың астығын сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына :

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Төлеухан Мұратқанұлы Нұрқиянов - комиссия төрағасының орынбасары болып;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі Иван Иванович Отто - комиссия мүшесі болып ;

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының президенті Алтынбек Смағұлұлы Үмбетов - комиссия мүшесі болып енгізілсін;

"Өзімов Руслан Жұмабайұлы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы, Ведомствоаралық комиссия төрағасының орынбасары " деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзімов Руслан Жұмабайұлы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі, комиссия мүшесі";

"Тәжияқов Бисенғали Шамғалиұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық комитетінің төрағасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Тәжияқов Бисенғали Шамғалиұлы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің міндетін атқарушы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Салық комитетінің төрағасы";

2) Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы аталған құрамнан шығарылсын;

4. Ведомствоаралық комиссия "1997/98 жылғы егіннің астығын сатып алуды ұйымдастырудың тәртібін" әзірлеп, бекітсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Прем'єр-Міністрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК